



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

мәселелері қарастырылмады.

5. Бухгалтерлік есеп және аудиттің ұйымдастырушылық мәселелерін, кеңес беруші, жұмыс және сол сияқты органдар мен топтар көбінесе кездейсоқ тұлғалармен жабдықталатындықтан, мүдделі тұлғалардың ортасында кеңірек қарастыру қажет. Одан басқа, бірқатар шешімдер талқылаусыз қабылданады. Кәсіби қоғамдастықтар осыған байланысты бірлестіктердің, бухгалтерлердің және аудиторлардың болашағына қатысты мәселелерге араласа алмайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сборник нормативных актов Республики Казахстан // ПАРАГРАФ.-2009. 420 б. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары, 2011 жылғы редакция.
2. ҚР «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-ІІІ Заңы // БИКО.- 2009. 35 б.
3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 155 Кодексі (07.03.2014 берілген өзгерістермен және толықтырулармен).
4. Э. Нурсейтов. Авторлық мақала. «Обзор состояния бухгалтерского учета и аудита в Казахстане» // Профессиональный бухгалтер.-2014.

УДК 336:947.7

КӘСІПОРЫННЫҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

Білдеханова А.Т.

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ,
Қазақстан Республикасы
E-mail: perfect_girl_95@mail.ru

Нарықтық экономика жағдайларында кәсіпорынның өзінің қаржылық-шаруашылық қызметіне қажетті қаржы ресурстарын қамтамасыз ету негізгі мәселенің бірі.

Кәсіпорын меншікті және қарыз капиталын тарту нәтижесінде қалыптасқан меншікті капиталы оның қызметінің тиімділігін, бәсекелестік ортадағы өміршендігін, қызметінің түпкі мақсаты болып табылатын табыстылығын анықтап беретін бастапқы фактор болып табылады. Кәсіпорын шаруашылық қызметін жүргізу үшін алдымен меншікті капиталын қалыптастыру қажет. Іс жүзінде кәсіпорынның шаруашылық қызметіне меншікті капитал жеткілікті бола бермейді, сондықтан сырттан қарыз капиталын тарту қажетті туындайды. Оңтайлы капитал құрылымын қалыптастырудың ең маңызды жолы – бұл қандай бағамен қажетті қаржы ресурстарын тартуға болатынын анықтау.

Нарықтық экономикада кәсіпорынның басты стратегиялық мақсаты өзінің капиталының ағымдық және болашақ нарықтық құнын арттыру және оны тиімді пайдалану болып табылады, сондықтан капиталдың құнын тиімді басқару қажет. Капитал құны неғұрлым жоғары болса, кәсіпорын қызметінің тиімділігі де соғұрлым жоғарлай береді. Осыған байланысты кәсіпорынның қаржы менеджерлері капитал құрылымын қалыптастыру көздерінің құнын анықтауға аса назар аударуы қажет [1].

Кәсіпорынның өндірістік процесті дамытуға бағытталған қаржы ресурстары оның ақшалай нысанындағы капиталы болып табылады. Қаржы ресурстары кәсіпорынның жалпы қаражаттарының жиынтығы болса, капитал – осы қаражаттардың өндіріс барысына салынған бөлігі. Осыдан келе, кәсіпорын капиталы дегеніміз бұл кәсіпорынның өндірістік айналымына салынған және осы айналымнан табыстар алып келетін ақша қаражаттары болып табылады.

Капитал кәсіпорынды құрудың және дамытудың басты экономикалық базасы болып табылады, өйткені ол кәсіпорын активтеріне инвестицияланған материалдық, материалдық емес және ақшалай қаражаттардың жалпы құнын сипаттайды. Өндіріс барысында қызмет ету

арқылы капитал кәсіпорын иелерінің, басшыларының, жұмысшыларының, сондай-ақ мемлекеттің мүдделерін қамтамасыз етеді. Сол себепті де ол кәсіпорынды басқарудың негізгі объектісі болып табылады, ал оны барынша тиімді қолдану қаржы менеджментінің ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Тақырыпты зерттеудің мақсаты капитал құрылымын басқарудың экономикалық мәнін ашу және оның бухгалтериядағы есебін жүргізу тәртібін анықтау болып табылады.

Меншікті капитал ұйымның меншік иелерінің қаржыларынан құралады. Оның шамасы кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелеріне байланысты өзгеріп тұрады және кәсіпорынның барлық мүлкі мен міндеттемелерінің айырмасы ретінде анықталады.

Меншікті капитал келесі көздерден қалыптасып, толықтырылып тұрады:

- кәсіпорынның құрылуы кезінде меншік иелерінің салған салымдары (жарғылық капитал)

- құрылтайшыларға төленген табыс пен дивидендтерді шегергеннен кейін қалған өткен жылдар мен есепті кезеңнің таза табысы. Корпорациялық табыс салығын төлегеннен кейін кәсіпорынның қарамағына қалатын табыс таза табыс болып табылады;

- құрылтайшылардың, басқа жеке және заңды тұлғалардың қайтарымсыз салымдары [2].

Жарғылық капитал - сомасы кәсіпорынның жарғысымен анықталған бастапқы капиталы. Ол негізінен акцияларды сатудан түскен түсімнен немесе құрылтайшылардың салымдарынан құралады. Жарғылық капиталға бағытталған қаржы жаңа құрылған кәсіпорын қызметінің басталуын қамтамасыз етуі тиіс. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелу кезінде оның жарғылық капиталы құрылтайшы құжаттарында тіркеледі [2].

Жарғылық капиталдың мөлшері кәсіпорынның құрылтайшыларымен анықталады және тиісті мемлекеттік органдарда тіркеледі. Егер де кәсіпорынның қатысушылары бұрын жариялаған жарғылық капиталға қосатын үлесін әлі толық төлемеген болса, онда жарғылық капиталды ұлғайту туралы шешімді тіркеуге алмауы тиіс.

Серіктестіктің жарғысын тіркеу кезінде оның иесі тек бір ғана тұлға болып табылса, тіркелген жарғылық капитал сомасы төмендегі бухгалтерлік жазумен беріледі:

Дт жарғылық капиталға жарналар бойынша құрылтайшының қарызы

Кт жарғылық капитал

Егер құрылтайшы жарғылық капиталға өз жарнасын салса,

Дт Ақша немесе мүлік

Кт Құрылтайшы қарызы

Серіктестегі меншікті капиталының есебі жоғарғы жағдайға ұқсас. Негізгі ерекшелігі: әрбір серіктес тұлғаның салған қаржысы мен алған қаражаттарының есебін бөлек жүргізіп отыру керек және пайда мен залалды олардың арасында тең бөлу қажет.

Серіктестіктің пайда мен залалы құрылтайшылық келісім шартта көрсетілген кез – келген тәсілмен бөлінеді. Әдетте серіктестіктің пайдасы үш бөлікке бөлінеді:

- 1) серіктестік тұлғаның капиталына төленетін дивидендтер;
- 2) серіктестіктің көрсетілген қызметтеріне өтемақы;
- 3) коммерциялық тәуекел нәтижесінде түскен пайда [3].

Пайданы осылай бөлу әрбір серіктестің серіктестікке салған, қосқан үлесін дәл анықтауға мүмкіндік береді.

Салымдардың үлесінің тең болмауын есепке ала отырып кейбір серіктестікте серіктестіктеріне еңбекақыны және салынған капиталына пайыздарды беруге келіседі. Олардың комбинациясы пайда бөлінген кезде есепке алынады.

Акционерлік капитал.

Акционерлік компанияда меншікті капитал – акционерлік капитал деп аталады. Акционерлік капитал құрамы:

- енгізілген капитал;
- қосымша төленген капитал;
- қосымша төленбеген капитал;

– бөлінбеген пайда.

Акционерлік капитал және эмиссиялық табыс акционерлік қоғамда шығарылған акцияның атаулы құнына және атаулы құнынан артық сомаларды қамтиды. Енгізілген капитал акционерлердің бастапқы инвестициясын қамтиды. Акцияның атаулы құны – бұл акционерлік капитал шотында көрсетілуі иісті және меншікті капиталдың сомасын анықтау үшін пайдаланатын әрбір акцияның атаулы құны. Капиталдың минималды бөлігі – номинал [3].

Меншікті сатып алынған акциялар – компанияның еркін нарықта сатып алынған акциялары. Ол баланста контрпассивті шот болып табылады және капитал сомасын азайтады.

Баланста меншікті капитал бөліміне төмендегідей операциялар өз ықпалын тигізеді:

- бағалы қағаздарды шығару;
- дивидендтерді жариялау мен төлеу;
- меншікті сатып алынған акцияларды сату және сатып алу.

Акционерлік қоғамда меншік бірлігі акция болып табылады. Акционерлік қоғамның жарғысында шығаруға рұқсат берілген акциялардың ең жоғарғы саны көрсетіледі. Әдетте қоғамды құрған кезге қарағанда рұқсат көбірек алынады. Бұл қоғамға келешекте қосымша акция шығаруға мүмкіндік береді.

Акциялар шығарылған және циркуляцияланған (айналыстағы) болып бөлінеді. Шығарылған акциялар – бұл сатылған және басқа да әдіспен өткізілген акциялар.

Егер кәсіпорын акцияны қайта сатып алатын болса және қайтармаса, онда ол айналыстағы акцияға жатпайды. Акцияларды шығаруға рұқсат алған кезде еш бухгалтерлік жазба берілмейді. Егер рұқсаттың алынғаны формальді түрде қажет болса:

Дт шығарылмаған жай немесе артықшылықты акциялар

Кт шығаруға берілген рұқсат

Акцияларды атаулы құны бойынша шығарған кезде; жазылым арқылы

Дт Алынуға тиісті жазылым

Кт Жазылым бойынша жай акция

Ақшаның түсуіне қарай:

Дт Ақша

Кт Алынуға тиісті жазылым

Дт Жазылым бойынша жай акция

Кт Жай акция

Егер келешекте компанияның перспективасы жақсы деп саналса, қоғам басшылары қосымша акцияларды шығара алады және құнын көтеруі мүмкін. Бұл әдетте акцияның нарықтық құны атаулы құнынан жоғары болғанда жүзеге асырылады.

Мысалы, компания 1 000 жай акцияны 12000 тг сатты. Атаулы құны 10000 тг.

Дт Ақша 12 000

Кт жай акция 10 000

Кт эмиссиялық табыс 2 000

Кейбір жағдайларды компания акциялады мүлікке немесе қызметке айырбастайды. Есептің халықаралық стандартына сәйкес мұндай операциялар активтің нарықтық құны немесе акцияның нарықтық құны бойынша көрсетіледі. Акционерлік қоғамның әкімшілігі мен оның қызметкерлері арасындағы қызметкерлерге жеңілдікпен берілетін акцияларға байланысты өзара келісім – опцион. Дивидендтер – акционерлер арасында бөлінуге тиісті бөлінбеген пайданың бір бөлігі. Дивидендтерді төлеумен байланысты үш негізгі күн бар: дивидендтерді жариялау күні; акция иелерін тіркеу күні; дивидендтерді төлеу күні.

Мысалы: Директорлар кеңесі дивидендтерді 56 000 тг сомасында төлеу туралы шешім қабылдады. 21 ақпан күні дивидендтерді төлеуді жариялау, 31 наурызда төлеу, ал тіркеу 10 наурызда жүзеге асырылады .

✓ 21 ақпан

Дт Бөлінбеген пайда 56 000

Кт Төленуге тиіс дивидендтер 56 000

- ✓ 10 наурызда жазба берілмейді
 - ✓ 31 наурыз
- Дт Төленуге тиіс дивидендтер 56 000
Кт Бөлінбеген пайда 56 000

Бөлінбеген пайда деп акционерлер арасында дивиденд ретінде бөлінбеген меншікті капиталдың бір бөлігін айтады. Төленген капиталмен бірге бөлінбеген пайда активтерді алу көзі болып табылады. «Бөлінбеген пайда» шотының қалдығы компанияның қызмет етіп жатқан барлық уақыты ішінде жинақталған таза пайдадан залалды, дивидендтер бойынша төлемдерді және шығарылған акционерлік капиталға реинвестицияланған пайданы шегергенде қалатын соманы білдіреді. Бөлінбеген пайда кәсіпорынның активі болып табылмайды және оның бар болуы пайда алынған операциялар бойынша кәсіпорын активтерінің ұлғайғандығын көрсетеді [3].

«Бөлінбеген пайда» шотында дебеттік қалдық та болуы мүмкін (бөлінбеген пайданың «дефициті», яғни жетіспеушілігі) де ол шаруашылық қызметтен алынған пайдадан залалдар мен төленген дивидендтердің басым болғанын білдіреді. Бөлінбеген пайданың «дефициті» баланстың «Меншікті капитал» бөлімінде бейнеленіп, капиталдың жалпы сомасынан шегеріледі.

Қортындылай келгенде, нормаланатын айналым қаражаты кәсіпорынның қаржы жоспарында (бизнес-жоспарында) көрсетіледі, ал нормаланбайтын айналым қаражаты іс жүзінде жоспарланбайтын объект болып табылмайтынын түсіндік. Сондай-ақ меншікті капитал ұйымның меншік иелерінің қаржыларынан құралады. Жарғылық капитал - сомасы кәсіпорынның жарғысымен анықталған бастапқы капиталы. Ол негізінен акцияларды сатудан түскен түсімнен немесе құрылтайшылардың салымдарынан құралады. Жарғылық капиталға бағытталған қаржы жаңа құрылған кәсіпорын қызметінің басталуын қамтамасыз етуі тиіс.

Әдебиет:

1. Назарова В.Л. Шаруашылық субъектіндегі бухгалтерлік есеп. - Алматы, 2004
2. Алибекова Б.А., Нұрхалиева Д.М. Халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарына негізделген бухгалтерлік есеп принциптері. Оқу құралы, Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2006
3. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары / www.adilet.zan.kz

УДК 657 65.052

НЕГІЗГІ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЕСЕБІН ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ ҮШІН ҚЕХС БОЙЫНША ҰЙЫМДАСТЫРУ

Бекайдарова Диана Кеңесқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 5В050800- Есеп және аудит мамандығының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б. Аленова

Қаржы құралдары - нарықта сатуға және сатып алуға болатын қаржы активтері мен пассивтері, жасалған капитал осы активтер мен пассивтер арқылы бөлінеді және қайта бөлінеді. Қаржы құралдары белгілі бір келісімшарттық өзара қатынастарды көрсететін немесе белгілі бір құқықтарды білдіретін заңи құжат болып табылады. Айналысқа түсетін, ұсынылатын құрал басқа тұлғаға сатуға немесе беруге арналған (чек, вексель, т. б.). Валюталық (бір ақша өлшемін екінші ақша өлшеміне айырбастау), пайыздық (тұрақты, өзгермелі немесе қайта қаралатын мөлшерлеме бойынша табыс әкелетін активтер), бағалық (акциялар, асыл металдар, шикізат, тауарлар) құралдар түрлеріне бөлінеді. Қаржы құралдары споттық (кассалық), мерзімді және опциондық (ұйымдастырылған, ұйымдастырылмаған)